

# Ойыл

## АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ОҒАН ОЙЫЛДЫҢ ҮЛЕСІ ҚАНДАЙ?

ЖУЫРДА АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІН ДАМУ ТҮБІ ОЙЫЛ АУДАНЫНДАҒЫ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ ЖЕТЕКШІЛЕРІ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ. КЕЗДЕСУЕ АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ ПЕН АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ АСҚАР ЖҮСІБАЛИЕВ ҚАТЫСТЫ.



Алдымен сөз алған облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы бүгінгі облыстағы және оның ішінде Ойыл ауданындағы шаруаларды қолдаудың көлемі мен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарға тоқталды. Әсіресе, Ойыл ауданындағы суармалы егістің көлеміне көңілі толмайтын жасырған жоқ. Кездесуде облыстық кәсіпкерлік басқармасының басшысы Алмас Салықбаев, облыстық жер қатынастары

басқармасы басшысының міндетін атқарушы Әділбек Қабидуллин, облыстық ветеринария басқармасының бөлім басшысы Шахидолла Рахимов, ветеринариялық бақылау және қадағалау инспекциясының орынбасары Убайдолла Әуелбаев, Ақтөбе облыстық аумақтық инспекциясының басшысы Асылхан Абтиев кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы саласы бойынша мемлекеттік бағдарламаларды түсіндірді. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы саласын-

дағы өзгерістермен толықтыруларға байланысты түсінік беріп, кездесуде шаруалар көтерген несиелеу шарттарын жеңілдету, агроөнеркәсіп кешені субъектілерін несиелеу кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау сұрақтарын және ауыл шаруашылығының басқа да сауалдарға жауап берді. Кездесуден кейін облыстық басқарма басшылары мен қаржы институттарының мамандары шаруа қожалық басшылары мен жеке кәсіпкерлерді жеке сұрақтары бой-

ынша қабылдау жүргізді. Ақтөбе облысының агроөнеркәсіп кешенін дамыту жұмыс тобы Ойыл ауданындағы ауылшаруашылық құрылымдарының жетекшілері және кәсіпкерлерімен кездесуіне «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы Ойыл аудандық филиалының директоры Жасұлан Ержанов пен аудандық кәсіпкерлік кеңестің төрағасы Серікбай Қойбағаров қатысты.

**С.ХАМЗИН,  
Ойыл селосы.**

## ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫ ҚАЗЫБАЕВТЫҢ 8 НАУРЫЗ - ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ



### Ардақты аналар! Құрметті қыз-келіншектер!

Сіздерді жер-дүниені шуағына бөлеп, тыныс-тіршілігімізге нәр берген көктемнің шұғылалы мерекесі 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Көктемнің шуақты сәті әйел-аналарымыз бен аруларымыздың мерекесінен бастау алады.

Осынау жарқын мерекенің біздің барлық үміттеріміз бен армандарымызды тығыз байланыстыратын көктемнің алғашқы айының басында келуі, жақсылықтың нышаны болса керек.

Әйелдер - әлемге мейірім мен жаңа өмір сыйлаушы нәзік жан иелері. Әрбір шаңырақтың шаттығын жарастырып отырған аяулы жандарға зор құрмет көрсету - қай ұрпақтың да перзенттік парызы болып қала бермек.

«Ер елдің иесі, әйел – үйдің киесі» дегендей отбасындағы береке-бірлікке, өмірдегі әсемдік пен нәзіктікке жолбасшы бола жүріп, айналасына инабаттылықтың нұрын сепкен аналарымыз қашанда құрметке лайық.

2025 жыл - «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланғандығы бәріңізге белгілі, еңбек адамдары, қарапайым жұмысшылар қызметте ерекшеленген ауданымыздағы түрлі салада қажырлы еңбек етіп келеді. Сонымен қатар, ғылым мен білімнің, мәдениет пен өнердің шыңына көтерілген, мемлекетіміздің дамуы мен өркендеуінде парасаты мен пайымын, біліктілігін, танымы мен талғамын аямаған әйелдер аз емес. Ұрпақ тәрбиелеуде ғана емес, билік пен бизнесте, саяси-экономикалық және әлеуметтік ахуалды ер азаматтарымен иық тірестіре жүрген қыз-келіншектер – бүгінде ел мақтанышы.

### Қымбатты аналар! Аяулы асыл жандар!

Табиғат ананың жаңарып, мейірім жылылығын ала келетін көктемнің алғашқы мерекесі баршаңызға құтты болсын! Сіздер бұл өмірге тек ізгілік пен жылылық, мейірім мен шуақ сыйлаушы жандар ғана емес, тіршілік атаулының ең асыл абзалы деген құрметке лайықсыздар.

Осы мерейлі мереке қарсаңында дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бақ пен береке, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін!

**Құрметпен, Ойыл ауданының әкімі  
Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев**

## «АЛҒЫС ЕЛДІҢ БӨРІНЕ!»

1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ КҮНТІЗБЕГЕ КЕЙІННЕН ЕНГІЗІЛСЕ ДЕ, ЕЛІМІЗДЕГІ ЕРЕКШЕ МЕЙРАМДАРДЫҢ БІРІНЕ АЙНАЛДЫ. БҰЛ КҮН ХАЛЫҚТЫҢ БІРЛІГІ МЕН ТАТУЛЫҒЫН ДӨРІПТЕЙТІН, ӨТКЕНГЕ ҚҰРМЕТ БІЛДІРЕТІН ЖӘНЕ БҮГІНГЕ ШҮКІРШІЛІК ЕТЕТІН МЕРЕКЕ. ОСЫ ОРАЙДА, ОЙЫЛ АУДАНЫНДА «АЛҒЫС ЕЛДІҢ БӨРІНЕ!» АТТЫ МӨДЕНИ ШАРА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.



Іс-шара «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында өтіп, оған аудан басшылығы, мемлекеттік қызметкерлер, еңбек ардагерлері, қоғам белсенділері мен аудан тұрғындары қатысты. Мерекелік жиынның шымалдығын аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлының

құттықтау сөзі ашты. Ол өз сөзінде Алғыс айту күнінің ел бірлігі мен ынтымағын нығайтудағы маңыздылығын атап өтіп, қоғамның дамуына үлес қосқан азаматтарға алғыс білдірді. Салтанатты жиында әртүрлі салада ерекше белсенділік

танытқан азаматтарға алғыс хаттар табысталды. Олардың қатарында өрт сөндірушілер, пошта қызметкерлері, коммуналдық сала мамандары, спорт жаттықтырушылары, қоғамдық тәртіпті сақтауға үлес қосқан белсенділер және ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына өз еңбегін сіңірген азаматтар болды. Мерекелік шара аясында аудан өнерпаздары дайындаған концерттік бағдарлама ұсынылып, қазақтың ұлттық билері мен патриоттық өндер шырқалды.

«Жақсы адамдар азаймасын», «Ақбұлақ», «Рахмет саған, туған ел» өндерін жылы қабылдап, ерекше ықылас танытты.

Алғыс айту күні – бұл тек мереке ғана емес, мейірімділік пен ризашылықтың белгісі. Ойыл ауданында өткен бұл шара қоғамдағы бірлік пен татулықты нығайтып, адамдардың бір-біріне деген құрметі мен алғысын білдіруге мүмкіндік берді.

## ЖҰМЫСШЫ – ҚОҒАМНЫҢ ТІРЕГІ

Елімізде биылғы жыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» болып жарияланғаны – еңбек адамына деген құрметтің айқын көрінісі.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған бұл игі бастама жұмысшы мамандықтарының мәртебесін арттыруға, олардың қоғамдағы рөлін айқындауға бағытталған.

Осыған орай, Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен ауданымызда еңбек етіп жүрген жұмысшы жастарды марапаттау рәсімі өтті.

Аталған шара алғыс айту күніне орайластырылып, жұмысшы мамандардың еңбегін дәріптеуді көздеді.

Жұмысшы мамандықтары – ел экономикасының тірегі, қоғам дамуының қозғаушы күші. Бүгінде кез келген сала мамандары секілді, қарапайым жұмысшылар да еңбек нарығында маңызды орынға ие. Олардың ерен еңбегі мен төзімділігі – болашақ ұрпаққа үлгі.

Осы орайда, еңбегімен ерекшеленген бірқатар жұмысшы жастар аудандық жастар ресурстық орталығының арнайы алғыс хаттарымен марапатталды.

Марапат иегерлері:  
Ойыл ауданы қорғаныс істері



жөніндегі бөлімінің күзетшісі – Нұрперзент Жүсіп, Ойыл орман шаруашылығының жүргізушісі – Нұрдаулет Серікұлы, Ойыл аудандық пошта байланыс торабының пошташысы – Әйгерім Хабидуллина, Ойыл кәсіптік колледжінің комменданты – Алтынгүл Сәрсенғалиева, "Көкжар" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорының күзетшісі – Заманбек Нұрмұханов, Энергосистема ЖШС Ойыл ЭЖУ бөлімінің жүргізушісі – Мұхтар Бекқалиев, "Qazaq Gaz Aimaq" АҚ Ақтөбе өндірістік филиалы Ойыл газ шаруашылығының шебері –

Азамат Күнсарин. Марапаттау рәсімі барысында жастар Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай ұйымдастырылған "Туған жерге мың алғыс!" атты арт-терапия байқауына қатысып, өз өнерлерін көрсетті. Сондай-ақ, шара қонақтарына арнайы ұйымдастырылған фуршет ұсынылып, аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары әсем өндерімен кештің көркін қыздырды.

Бұл шара – адал еңбек етіп жүрген жандарға көрсетілген құрмет пен алғыс. Қоғамның дамуына үлес қосып жүрген әрбір жұмысшы мамандық иесі – нағыз батыр.

## СУ ТАСҚЫНЫ ИНФЕКЦИАНЫҢ ТАРАЛУЫНА СЕП БОЛМАСЫҢ!

Су тасқыны үйлерді, шаруашылық фермаларды су басуы мен мүліктердің жарамсыз болуымен ғана қауіпті емес, сонымен қатар дизентерия, іш тифі, А және В паратифті, тырысқақ, ротавирусты инфекциялар сияқты ішек инфекцияларының қолайсыз эпидемиялық жағдайларының өршуіне де әкеліп соқтырады. Су тасқыны кезінде құдықтар мен ұңғымалардағы сулар дәретханалар мен қазылған шұңқырлардағы тастандылармен ластанады. Көптеген ауруларды тасымалдайтын кеміргіштер су тасқынынан сақтану мақсатында тұрғын үйлер мен ғимараттарға енуінен адамдардың инфекциялық және паразитарлық ауруларды жұқтыру қаупі де ұлғаяды.

**Су тасқыны кезінде инфекциялық және паразитарлық аурулардан сақтану үшін қарапайым, өрі тиімді қағидаларды ұстану керек, олар:**

-аула мен тұрғын бөлмелерді тазалықта ұстау;  
-ауыз суына тек қайнатылған немесе бөтелкедегі суды пайдалану;  
-қазылған шұңқырлардағы тастандыларды уақыттылы тазалау;  
-жеке бас гигиенасын сақтау, есіресе кішкентай балалар-

**Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы**

## ТАҒАМ ӨНІМДЕРІНІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ РЕГЛАМЕНТ ТАЛАПТАРЫ



Өнімдерді таңдау – бұл жауапты мәселе. Өйткені Сіздің денсаулығыңыз Сіздің күнделікті тағамыңыздың сапасына байланысты. Сондықтан дүкенге барғанда пайдалы және қауіпсіз өнімдерді таңдау керек. Осыған байланысты Тұтынушылардың тамақ өнімдері туралы дұрыс ақпаратқа, құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етуге қатысты құжат тұтынушыларды ағартатын әрекеттердің алдын-алу мақсатында Кеден Одағы Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы №881 шешімімен әзірленіп, бекітілді. Осы Кеден одағының техникалық регламентінде тамақ өнімдерін таңбалау бөлігінде қойылатын талаптар белгіленген. Тамақ өнімдерінің таңбалауында өнімнің атауы және оны өндіруші, құрамы, саны, дайындалған күні, тамақ өнімдерін сақтау шарттары болуы тиіс.

Бұдан басқа энергетикалық құндылық. Бұл ақуыздардың, майлардың, көмірсулардың, дәрумендер мен минералдардың мөлшері, калория мөлшері, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одағына мүше мемлекеттердің нарығында өнім айналымының бірыңғай белгісі «ЕАС» көрсетілуі керек және де қажетті ақпарат міндетті түрде мемлекеттік және орыс тілдерінде болуы тиіс.

**Құрметті аудан тұрғындары!** Сіз тұтынатын өнім денсаулығыңызға зиян келтірмеуі үшін дүкеннен кез-келген өнімді сатып аларда, оның сыртқы қорабына, дайындалған күні мен жарамдылық мерзімі-

ның күтімінде (дәретханадан кейін, жануарлармен қатынаста болғаннан соң, тағам дайындар алдында және қабылдар кезде қолды сабынмен жақсылап жуу);

-жеміс-жидек, көкөністерді ағынды сумен жуу;  
-ет және тез бұзылатын тағамдарды салқын жерде сақтау, сақтау мерзіміне аса көңіл бөлу, жақсылап қайнатып немесе қуыру;

-су тасқыны кезінде ластанған тағам өнімдерін пайдаланбау;

-шаруашылық фермаларды тазалау кезінде қорғағыш қолғап қолдану, жұмыс істеу барысында темекі тартпау, тамақ ішпеу керек, өйткені лас қолмен инфекция ағзаға түсуі мүмкін. Жіті инфекциялық аурулардың белгілері туындаған жағдайда (дене қызуының көтерілуі, құсық пен сұйық нәжіс және т.б. болғанда) тез арада медициналық көмекке жүгініңіз. Төтенше жағдайлар орын алған кезде күнделікті уақытта қарапайым гигиеналық қағидаларды, сонымен қатар біздің ұсынысымызды орындасаңыз сізді көптеген аурулардан сақтайтынын естен шығармаңыз. Ішек инфекциясының белгілері болған жағдайда өз-өзіңізді емдеумен айналыспаңыз, тез арада медициналық көмекке жүгініңіз.

**Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы**

## 073/Е НЫСАНЫНДАҒЫ АНЫҚТАМАНЫ ЕНДІ EGOV MOBILE АРҚЫЛЫ АЛУҒА БОЛАДЫ



Жүргізушілердің ыңғайлылығы үшін 073/е нысанындағы медициналық анықтама енді eGov Mobile мобильді қосымшасында қолжетімді. Бұған дейін бұл қызметті eGov.kz порталында рәсімдеуге болатын және ол іске қосылғаннан бері қазақстандықтар 7 мыңнан астам анықтама рәсімдеді.

073/е нысанындағы медициналық анықтама – көлік құралын басқаруға қарсы көрсетілімдердің жоқтығын растайтын барлық жүргізушілер үшін міндетті құжат. Бұрын азаматтар анықтаманы тек қағаз түрінде, терапевт, психиатр-нарколог, офтальмолог және отоларинголог мамандарынан медициналық тексеруден өткеннен кейін ғана алатын. eGov.kz порталында қызмет іске қосылғаннан кейін бұл процесс айтарлықтай жеңілдеді – пайдаланушылар медициналық тексеруден өтіп, электрондық үкімет порталында өтінім берген соң анықтаманы электронды форматта рәсімдей алатын болды.

Енді құжатты алу одан да

оңай – eGov Mobile мобильді қосымшасын пайдалану жеткілікті.

**Қызметті пайдалану үшін:**

-eGov Mobile қосымшасында авторизациядан өту қажет;  
-«Қызметтер» - «Денсаулық сақтау» бөлімін таңдау керек;  
-«№ 073/е нысан бойынша медициналық анықтама беру» қызметін таңдау қажет;  
-өтінімге Face ID/Touch ID арқылы қол қою қажет. Өтінім жіберілгеннен кейін анықтама пайдаланушының Жеке кабинетінің тарихында PDF форматында қолжетімді болады. Құжат оны алған сәттен бастап бір жыл ішінде жарамды. Жаңартылған функционал ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің бірлескен жұмысының нәтижесінде іске асырылды.

**Жайнағұл СЕЙДАХМЕТОВА, «ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы.**

## СПРАВКА 073/У ТЕПЕРЬ ДОСТУПНА В МОБИЛЬНОМ ПРИЛОЖЕНИИ EGOV MOBILE



Для удобства водителей медицинская справка формы 073/у теперь доступна в мобильном приложении eGov Mobile, что позволяет получить документ еще быстрее и проще. Ранее услугой можно было воспользоваться на портале eGov.kz, а с момента ее запуска в ноябре 2024 года казахстанцы уже оформили более семи тысяч справок.

Медицинская справка формы 073/у – обязательный документ для всех водителей, который подтверждает отсутствие противопоказаний к управлению транспортным средством.

Ранее граждане могли получить справку только в бумажном виде после прохождения медицинского осмотра у четырех специалистов: терапевта, психиатра-нарколога, офтальмолога и отоларинголога. С запуском услуги на портале eGov.kz процесс стал намного проще – пользователи получили возможность оформить справку в электронном формате после прохождения медицинского осмотра и оформления заявки на портале электронного правительства. Теперь, чтобы оформить до-

кумент, достаточно воспользоваться мобильным приложением eGov Mobile.

**Чтобы воспользоваться услугой, необходимо:**

-авторизоваться в приложении eGov Mobile;  
-в разделе «Услуги» выбрать категорию «Здравоохранение»;  
-найти услугу «Выдача медицинской справки о допуске к управлению транспортным средством (№ 073/у)»;  
-подписать заявку с помощью Face ID/Touch ID.

После подачи заявки справка будет доступна в истории Личного кабинета пользователя в формате PDF. Документ действителен в течение одного года с момента его получения. Обновленный функционал был реализован при сотрудничестве Комитета государственного услуг Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК, АО «Национальные информационные технологии» и Министерства здравоохранения Республики Казахстан.

**Жайнағұл СЕЙДАХМЕТОВА, Управление по связям с общественностью АО «НИТ».**

## ҚҰРМЕТТІ ОЙЫЛДЫҚТАР ЖӘНЕ АУДАН ҚОНАҚТАРЫ! СІЗДЕРДІ «8 НАУРЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ» МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ ОЙЫЛ СЕЛОСЫНДА ӨТЕТІН МЕРЕКЕЛІК ШАРАЛАРҒА ШАҚЫРАМЫЗ!

№	Іс-шаралар атауы	Өткізілу мерзімі	Өткізілу орны
1	Барлық ауылдық клубтар мен кітапханаларда «Әлемнің жарығын сыйлаған», «Ана ардақты есім», «Арулар асыл жандар» атты мерекелік концерттік бағдарламалар, тақырыптық кештер, кездесулер, қыздар арасында арулар байқаулары мен оқырмандар конференцияларын ұйымдастыру	4-8 наурыз аралығы	Барлық ауылдық округтер
2	Жұмысшы мамандықтар жылына орай «Гүл сыйлайық әйілге» акциясын ұйымдастыру	5 наурыз	Ойыл ауданы және ауылдық округтер
3	«Ардақты ана, аяулы ана қымбаттым» атты мерекелік кеш және көрме ұйымдастыру	5 наурыз	Коворкинг орталығы
4	«Ардақты ана, аяулы ана қымбаттым» атты мерекелік кеш және көрме ұйымдастыру	5 наурыз	Коворкинг орталығы
5	Білім беру саласының ардагер ұстаздары мен ұстаздарына арналған мерекелік шара	5 наурыз	«Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы
6	Жұмысшы мамандықтар жылына орай «Арулар – асыл жандар» атты аудан әкімінің жұмысшы жастармен кездесуі	6 наурыз	Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығы
7	«Іскер әйел – ел мерейі» атты кәсіпкер әйелдермен кездесу ұйымдастыру	6 наурыз	«Береке» мейрамханасы
8	8 наурыз - Халықаралық аналар мерекесіне орай «Анаға құрмет - Елге құрмет» атты мәдени шара, көрме ұйымдастыру	6 наурыз	Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейі
9	Жерлесіміз, танымал әнші Арайлым Абатқызының «Ойыл еркесі» атты мерекелік іссапарлы концертін ұйымдастыру	6-7 наурыз	Саралжын, Қайыңды, Көптоғай, Ойыл ауылдық округтері
10	8 наурыз - Халықаралық әйелдер күніне арналған қыз-келіншектер арасында волейболдан аудан біріншілігін ұйымдастыру	6 наурыз	Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі
11	«Сарқылмайтын жылылық, Ана аты – ұлылық» тыл еңбеккерлері, батыр аналар мен алтын алқа иегерлеріне арналған мерекелік шара ұйымдастыру	7 наурыз 12.00	«Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы
12	8 наурыз - Халықаралық әйелдер күніне орай «Жыр жазамын жүрегімнен» мерекелік салтанатты шара ұйымдастыру - Мерекелік құттықтау - Мерекелік марапат - Мерекелік концерттік бағдарлама	7 наурыз 16.00	Ойыл аудандық мәдениет үйі
13	«Ана – ақ жүрек әлем» атты көгілдір от думан кешін ұйымдастыру	7 наурыз 20.00	«Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы

**Ф. ҚҰБАЕВ, Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.**



**ОЙЫЛДА ЖОЛДЫБАЙДЫ ЕСКЕ АЛДЫ**

**ОЙЫЛДА ЖОЛДЫБАЙДЫ ЕСІН БІЛГЕН БАЛАДАН ЕҢКЕЙГЕН ҚАРТҚА ДЕЙІН БӘРІ БІЛЕДІ. «ОЙЫЛЫМ МЕНІҢ – ОЙДАҒЫ ЕЛІМ» ШЫРҚАЛСА ҚОСЫЛА КЕТЕДІ.**



Жуырда қазақ өнеріне еңбегі сіңген жерлесіміз, белгілі сазгер Жолдыбай Айтқұловты еске алуға арналған "Барқыннан ескен сазды әуен" атты мәдени шараны аудандық мәдениет үйі ұйымдастырды. Кеште сазгердің өңдері шырқалып, оның қазақ музыка өнеріндегі орны айқындалды. Іс-шараға аудан әкімі Асқар Қазыбаев, сазгердің ұлы мен қызы, жергілікті өнерпаздар және аудан тұрғындары қатысты. Сондай-ақ, кештің құрметті қонақтары қатарында белгілі өнер иелері – Нұрлыбек Қалауов, Төлеген Ермаков, Жаңылдық Бисенғалиева, Арман Төлесінов, "Жаңа KZ" триосы, Теңел Омаров, "Наурыз" тобы және басқа да әншілер болды. Кештің шымылдығы Теңел Омаровтың орындауындағы "Жұбановқа арнау" әнімен ашылды. Одан кейін Төлеген Ермаков "Тойбастар" әнін шырқап, көрермендерді әсем әуенімен баурап алды. Арман Төлесінов "Сағынған көздің моншағы" және "Алтай бабам ардағым" әндерімен көпшілікті тебірентсе, Жаңыл-

дық Бисенғалиева "Ойылым ерке өзенім" және "Асыл арман" әндерін орындап, ерекше ықыласқа бөленді. Қайсар Махметов "Елек жағасында" әнін шырқап, туған жерге деген сағынышын жеткізді. "Наурыз" тобының сүйемелдеуімен Лаззат Медетова мен Гүлмира Жұбатова "Ақтөбе вальсі" әнін дуэтта орындаса, Лаззат Медетова жеке орындауда "Сәбиім сүйкімдім" әнімен сахнаға шықты. Кеш барысында "Жаңа KZ" триосы "Тыңдашы мені" әнін орындап, Төлеген Ермаков "Қиылда менің қимасым" әнімен көрермен жүрегінен орын алды. Кеш соңында барлық қатысушылар Жолдыбай Айтқұловтың "Ойылым менің" әнін бірге шырқап, сазгерге тағзым етті.

Бұл кеш сазгердің қазақ өнеріне қосқан өлшеусіз үлесін дәріптеп қана қоймай, көрермендерге ерекше рухани әсер сыйлады. Жиналған жұртшылық сазгердің музыкасына тағы бір мәрте сүйсініп, оның есімі халық жадында мәңгі сақталатынын атап өтті.

**АУДАНДА «ҚАЗАҚ АНАЛАРЫ — ДӘСТҮРГЕ ЖОЛ» БІРЛЕСТІГІНІҢ ФИЛИАЛЫ АШЫЛДЫ**

**ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САН ҒАСЫРЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІ МЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ДӘРІПТЕУ МАҚСАТЫНДА ОЙЫЛ АУДАНЫНДА «ҚАЗАҚ АНАЛАРЫ — ДӘСТҮРГЕ ЖОЛ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ АУДАНЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ КАБИНЕТІ АШЫЛДЫ.**

Бұл бастама қазақ әйелдерінің қоғамдағы рөлін нығайтуға, ұлттық тәрбиені насихаттауға және қазақтың құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған. Аталған бірлестіктің негізгі мақсаты – қазақ әйел-аналарын ұлттық рухта тәрбиелеп, салт-дәстүрлерді дәріптеу. Сонымен қатар, ана тіліміз бен мәдениетімізді сақтап, жас ұрпаққа аманат ету маңызды рөл атқарады. Бірлестік ұлттық киім – кимешек пен жарулықтың маңызын түсіндіріп, отбасы құндылықтарын сақтауға ерекше көңіл бөледі.

Одан бөлек, ұйым отбасының тірегі – ер-азаматтың қадірін арттыру, ұл мен қыз тәрбиесін ұлттық негізде жүйелеу мәселесіне де баса назар аударады.

Қазақтың бай мәдениеті мен салт-дәстүрін ұрпақтан ұрпаққа жеткізу, жастарды өз тарихын, мәдениетін терең білуге шақыру – бірлестіктің негізгі міндеттерінің бірі.

Ойыл ауданында бұл игі істің

**АУДАНЫҚ АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ЖАҢА ТӨРАҒАСЫ САЙЛАНДЫ**



сайланды. Өз сөзінде ол ардагерлердің қоғамдағы рөлін арттыруға, жастарға үлгі болуға және әлеуметтік мәселелерді шешуге белсенді атсалысатынын айтты. Жиынға аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев арнайы қатысып, жаңа төрағаны құттықтады. Ол өз сөзінде ардагерлер кеңесінің аудан өміріндегі маңызын атап өтіп, ұйымның одан әрі дамуына әкімдік тарапынан қолдау көрсетілетінін жеткізді. Жиын соңында қатысушылар ардагерлер кеңесінің алдағы жоспарларын талқылап, ортақ міндеттерді жүзеге асыру жолдарын белгіледі. Кеңес ардагерлер және қоғам белсенділері қатысты. Бас қосудың басты жаңалығы – ардагерлер кеңесінің жаңа төрағасын сайлау болды. Бұл жауапты қызметке Болат Бақтыгерев

Ойыл ауданында ардагерлер кеңесінің отырысы өтіп, онда ұйымның атқарған жұмыстары қорытындыланып, алдағы жоспарлар талқыланды. Жиынға аудан басшылығы, ардагерлер және қоғам белсенділері қатысты. Бас қосудың басты жаңалығы – ардагерлер кеңесінің жаңа төрағасын сайлау болды. Бұл жауапты қызметке Болат Бақтыгерев

**«АРДАҚТЫ АНА, АЯУЛЫ АНА, ҚЫМБАТТЫМ!»**

8 наурыз – көктемнің ең жарқын мерекесі. Бұл күн – аналар мен әжелерге, қыз-келіншектерге деген сүйіспеншілік пен құрметтің белгісі. Жыл сайын осы күні нәзік жандарға гүл шоқтары ұсынылып, ақжарма тілектер жолданады. Быылғы мереке де ерекше сән-салтанпен басталды.

Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында «Ардақты ана, аяулы ана, қымбаттым!» атты мерекелік шара ұйымдастырылып, оған аналар мен қыз-келіншектер, қонақтар мен өнерпаздар жиналды. Кештің басты мақсаты – аналар қауымының қоғамдағы, отбасындағы маңызды рөлін дәріптеу, олардың еңбегін бағалап, алғыс айту.

Мерекелік кеш өнерпаздардың жылы лебіздерімен басталды. Ананың қоғамдағы орнын айшықтайтын әсерлі сөздер айтылып, қазақ халқының аналарға деген ерекше құрметі жыр шумақтарымен өрнектелді. Қадір Мырза Әлінің өлеңі оқылып, өнерпаздармен бірге

ән шырқалды. Кеш барысында аналарға арналған әсем өңдер шырқалды. Жергілікті өнерпаздар сахна төріне шығып, жүрек тебірендерлік шығармаларын орындады. Сондай-ақ, поэзия оқылып, шығармашылық қонақтар өздерінің аналарға арнаған туындыларын ұсынды. Мереке қарсаңында өздерінің сыйлықтарымен келген аудандық музей ұжымы аналарымызға айтылып, нәзік жандылардың табыс етті. Мерекелік іс-шара ойындармен жалғасып, аналар көтеріңкі көңіл-күймен белсене қатысты. Шара соңында қатысушыларға ақжарма тілектер айтылып, нәзік жандылардың қоғамдағы маңызы ерекше атап өтілді. Аналардың ақ тілеуі мен мейірімінің шексіздігі, олардың өмірдегі асыл бейнесі тағы да бір рет ұлықталды. Еркін микрофон стилінде жалғасқан шара қонақтардың келген өнерпаздарға деген жылы лебіздерін білдіруге мүмкіндік берді.

**ОЙЫЛДАҒЫ ОҚУШЫЛАР ҮЙІ – ЖАС ДАРЫНДАРДЫҢ ОРДАСЫ**

**БҮГІНГІ ҚОҒАМДА ЖАС ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ДАМУЫ МЕН КӨСІБИ БАҒДАРЛАНУЫНА МЕКТЕПТЕН ТЫС БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР. ОСЫ БАҒЫТТА АУҚЫМДЫ ЖҰМЫСТАР АТҚАРЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН ҰЙЫМДАРДЫҢ БІРІ – ОЙЫЛ АУДАНЫҚ ОҚУШЫЛАР ҮЙІ.**



Бұл мекеме аудан оқушыларының бос уақытын тиімді өткізіп, шығармашылық қабілеттерін шыңдауға, жаңа қырларын ашуға үлкен мүмкіндік береді. Балалардың қиялымен оңаша қалуына жағдай жасайтын оқушылар үйінің басты мақсаты – балалардың бойындағы ерекше қасиеттерін дамытып, олардың азаматтық көзқарасын кеңейту, көшбасшылық қабілеттерін жетілдіру. Мұнда тәрбиеленушілерге патриоттық сезімді ұялату, рухани құндылықтарды сіңіру, мейірімділікке баулу жұмыстары тұрақты түрде жүргізіледі.

Оқушылар үйіндегі үйірмелерге қатысатын жасөспірімдер аудандық, облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі байқауларға қатысып, жүлделі орындарды иеленіп жүр. Олардың жетістіктері – ұстаздарының еңбегінің жемісі. Мұнда жұмыс жасайтын пе-

дагогтер әр баланың жеке тұлға ретінде дамуына ерекше көңіл бөледі. Баланың шығармашылық әлеуетін ашу үшін түрлі заманауи әдіс-тәсілдерді қолданады. Бұл іс-шаралар балалардың жүрегінен орын тауып, ата-аналардың жылы лебіздері мен қолдауларын тауып жатады. Оқушылар үйінде өнерге жақын балалар үшін де түрлі шаралар ұйымдастырылып келеді. Соның бір дәлелі – жақында өткен "Art-Галерея: Бояу әлемі" көрмесі. Бұл шарада "Art-Бояу" үйірмесінің тәрбиеленушілері өз өнер туындыларын ұсынды. Көрмеге ата-аналар да қатысып, балаларымен бірге шығармашылық атмосфераны сезініп, олардың еңбегіне жоғары баға берді. Көрменің басты ерекшелігі – "Қалдырған ізін мәңгілік" жобасының басталуы болды. Бұл жоба ата-аналар мен балалар

арасындағы шығармашылық байланысты нығайтуға бағытталған. Іс-шара барысында үздік қатысушылар марапатталып, ерекше шығармаларға алғыс хаттар табысталды. Ойыл аудандық оқушылар үйі – тек қосымша білім беру мекемесі ғана емес, ол – жас дарындардың дамуына, олардың болашақ мамандықтарын дұрыс таңдауына ықпал ететін үлкен орта. Жалпы айтқанда, баланың қиялына қанат бітіретін ертегі әлемі. Балалардың қолынан шыққан туындылары бұл сөзіміздің айқын дәлелі. Мұндағы әр үйірме баланың қабілетін шыңдап, өзін-өзі дамытуына зор мүмкіндік береді. Балалардың шығармашылық ізденісіне жол ашып, олардың армандарының орындалуына себепші болып жүрген педагогтердің еңбегі зор.

Әділет ШАБАЙ,  
Ойыл селосы.

**“ЖАҢА БЕЛЕС” АЛҒАШҚЫ ҚОНАҒЫ - СПАРТАК**

Жұмысшы мамандықтар жылына орай, ШҚ иелерімен "ЖАҢА БЕЛЕС" тақырыбында диалог алаңында кездесу өтті. Кездесудің алғашқы кейіпкері, еңбек адамы Спартак Төремұратов болды. Аймақта өзінің «брендін» қалыптастырып үлгерген Спартакты жастар да оның қауын-қарбызы арқылы таниды. Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен "Жұмысшы мамандықтар" жылына орай ҚР ауыл шаруашылық саласының үздігі, "Спартак" шаруақожалығының иесі Спартак Шеруенұлымен кездесуде жастардың толғандырып жүрген сұрақтарына жауап беріліп, бағбандықтың, бау-бақша күтімі туралы айтылды.



Home Credit Bank

Қалауыңызға ерік берініз!

Несие рәсімдеу

Депозит ашу

Ozen 0-0-6 бөліп төлеу картасы

Адрес: с.Ойыл, Көкжар 69, Казпочта/ Хоум Кредит Банк бөлімшесі

Тел: 87022826828